ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 8 ақпан №4360-23-00-2/64 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технология мектеп-лицейі (IT-мектеп-лицейі) коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ХОЖБАНОВА» атауымен әрекет етуші Хожбанова Лаура Сатыбалдиевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің С.Сейфуллин атындағы №4 ақпараттық технология мектеп-лицейі (IT-мектеп-лицейі) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ХОЖБАНОВА» атауымен әрекет етуші Хожбанова Лаура Сатыбалдиевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ХОЖБАНОВА» атауымен әрекет етуші Хожбанова Лаура Сатыбалдиевна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ХОЖБАНОВА» атауымен әрекет етуші Хожбанова Лаура Сатыбалдиевна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024
4360-23-3-1/3646

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 08.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Бержанов К. М., 25.03.2024

4360-23-3-1/3646